

ISSN 1811-1823

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ



1' 2012

ПМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ПГУ

АМУ

Б.Ә. ЫСҚАҚ ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Ғ. Мүсіреповтің қазақ әдебиетінің дәстүрлі мектебімен қатар аударма еңбектердің және әлем әдебиетінің тағылымын, амал-тәсілін үйрену қажет деген пікірінің жаны бар. Осы негізде мына жазушыларға назар аудардық: Э. По, Р. Тагор, Л. Стерн, Т. Манн, ақыннан Э. Юнг.

Жазушыларымыздың әлемдік әдебиетпен еркін таныстығын ескерсек, алдымен американдық жазушы Эдгар Поның «Лигейя» новелласындағы айшықты әсем өрнектерді шебер пайдалану қолтаңбасын көреміз.

Жазушылар әңгімелерінің тақырыбы американдық әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де мистификациялық әдісті қолдану арқылы ашылды және қоғамдағы адамдардың нәк, мөлдірлікті кәсіпкерлікке үндеуі біріктіреді. Э. По әлем әдебиетіне қызықты оқиғалар тақырыбы арқылы детективтік жанрды (Конан Дойль, Кристи т.б. жалғастырушылар болды) әкелді, сол сияқты Поның қазына іздеушілік тақырыбы М. Твен, Фолкнер шығармашылығынан кең орын алуына әсер еткен. Әсіресе, «Ашерлер әулетінің құлдырауы», «Вильям Вильсон» әңгімелері тақырып таңдаудағы жазушы әрекеті кейіпкердің портреттік бейнесін, психологиялық бейнесінің күрделі қырының құпиясына барлау жасай алғандығы нәтижесінде орындалған. Бұдан айтпағымыз, кейінгі қазақ әңгімелерінің әлемдік контекстен шыға алатынын салыстырмалы сипатпен, әдеби әдіспен дәлелдеуге мүмкіндік бар.

Жазушы Эдгар Поның 64 әңгімесін («Алтын қоңыз» әңгімелер жинағы) таразылай келе замандасы Джеймс Рассел Лоуэлл: «Эдгар По өзіне тән екі

кабілетті, сирек мүмкіндікте ғана қосылатын болса да, тамаша кіріктіре алды: оқырманның ақыл-есіне құпиялы көлеңкелермен әсер ету күші және толықтай жайып салу өнері, бөлшектердің бәрі, тіпті шаш жинағыш та, түйме де суреттелмей қалмайды», – дегенін ескерсек, америка әдебиетінің ұлттық, сол халыққа ғана тән белгілері суреттелгені, үлгі аларлықтай мәнері байымдалады. Қараңыз, Э. Понның (аударған Бекмырза Баймаханов) «Лигейя» әңгімесінде басты кейінкердің келбетін суреттеуде американдық ойлау, яғни детализация бірден назар қаратады: «...мен оның аса қымбат піл сүйегінің түсімен бәсекелесетін өңін, мейлінше мінсіз дәлдігін, самайға ойысар сәттегі сәл дөңдігін, ақырында, Гомердің «сүмбіл» деген керемет теңеуінің мәнін ұғуға мүмкіндік беретін табиғатынан бұйра болып жаратылған мақпалдай қолаң шашына сұқтана қараймын. Мен пістедей мұрнына көз тастаймын – мұндай сұлулықты менің тек ежелгі Жөһиттердің теңгелерінде ғана көргенім бар. Кәдімгі көргенде көз тұнарлық керім сұлулық, сәл күс тұмсыққа ишарат, еркіндіктің куәсіндей үйлесімді қос танау. Мен оймақтай аузына аңтарыламын. Ол шынында да құдіреттің күшімен ерекше жаралған – иілген, үлбіреген үстіңгі ерні, кілегейдей мөлтілдеген төменгі ерні, езудегі шұқыры шырайының құбылысымен ашық аспандай мұнсыз көңілмен айрықша бір рахаттана аксия күлген сәттер де маржандай тістерінің жаркылы қасиетті күн сәулесінің нұрынан асып түсетін-ді. Мен оның иегінің бітісін зерттеп көрдім, оны тек Аполлон құдай афондықтың ұлына, Клеоменге түсінде ғана көрсеткен белгілерге-гректер айрықша қастерлейтін үйлесімді нәзік, асқақ белгілерге ұқсас деп таптым ... Қарақат көзі жалт етіп қарағанда шоқтай жанады, оны ерекше эбен (жылы жақта өсетін ерекше сымбатты ағаш) ағашындай самсаған ұзын кірпіктері қаумалап тұрады, сәл иілген қастары қап-қара. Алайда бұл көздерден мен байқаған «өзгешелік» олардың шарадай үлкендігінде де, олардың түрінде, олардың жалт-жұлт еткен түсінде де емес, ерекшелікті сол көз жанарларының ішкі сыршылдығынан іздеу керек еді», – деген [1, 228] бейнелеу тәсілі ұлттық ойлау қалпында берілгені даусыз.

Әлем әдебиетінің жоғарыдағыдай сипаттауынан еш кем емес қыз бейнесі Т. Жармағамбетовтің «Жан» әңгімесінде былай сипатталады: «Туыстары қалада өскен, қала тәртібімен тәрбиеленген нәзік бір қыз еді. Көрікті, көрікті болғанда да, искусствоның тамаша бір шығармасы дерлік жан еді. Ол жүрген жерде ерніне күлкі үйірмей, оның бетіне бір қарап, шипалы жанарының отынан бір үшкын алмай қалғысы келмейтін жігіт жоқ еді. Оның бетіне қараудың өзі де көрген жанды рақаттандырып тастаушы еді. Кейде жігіттер әлгінің бетіне бір қарап құмарын қандырып кету үшін ғана келетін. Шаштары сондай нәзік, бейне желден тоқып істеп қойғандай әсерлі еді, бет пішіні мындаған скульпторлардың жүздеген жылдар бойы жабыла ойып, жана ғана халыққа тартқан қасиеті де тамаша өнері сияқты еді. Жүзінен есіп тұратын нәзіктік, үлбірлік самалына шек жоқ еді» [2, 105].

Дала жазушысы таңғажайып әдемілікті, инабаттылықты суреттегенде жел самалын таңдаған.

Қазақ әңгімелерінің де басты көркемдік жетістігі – қазақы бітім-болмысты кейіпкерлер болуы. Оған қоса Э. Понның «Элеонора» әңгімесіндегі екі ғашық тағдырының тауқыметі Элеонораның көз жұмуымен аяқталатыны сияқты қазақ жазушысы Ә. Орынбаеваның «Қос қайыңындағыдай», «Хадишаның қара тасындай» сенгіш, пәк адам, оның ішінде махаббатқа есі кеткен әйелдің жан дүниесі өте сезімтал, нәзік болатынына көңіл сендіруге жазушылар еңбек ете алған.

Томас Маннның «Венециядағы өлім» т.б. новелласында көтерілген өнер мәселесін Ә. Кекілбаев, Б. Нұржекеұлы, А. Алтайда өрнектелген қазақ өнері мен өнерпаздары табиғатымен салыстыра қарасақ, әлеуметтік қалып пен ортаны бейнелеудегі жаңа ой-байлам, психологиялық талдаудың иірімделуі тұсын зерделеуге ұмтылдырады.

Тіпті жазушылар қолданған кейбір стильдік бірлік тұтастай шығармада болмаса да көркем ой бөлшегінде кездеседі. Мысалы, Лоренс Стерннің, яғни он сегізінші ғасырдағы Батыс Еуропа әдебиетіндегі көркемдік бағыты қазақ әдебиетінен де табылады. «Иорик, Шендилер» секілді чудақтар келбетіне айызы қана рахаттанып қалады, әрі көңіл түкпіріне қалтарыс ешнәрсе сақтамай, рухани қуаттанатыны бір төбе: «...Күн сайын, нақтырақ айтқанда, әкем он жыл бойына бір топсаны жөндеу үшін шешім қабылдады – бірақ әлі күнге дейін жөнделген жоқ: – бізден басқа, ешбір үйде, бір сағатқа болса да қалдырмас еді, және бәрін бұрын таңқаларлығы, әкем қызыл сөзденіп, бұдан бұрын, мұндай нәрсені, дәл есіктің топсасындай көп айтпап еді. Солай ол дүниеде болған ақымақтықтың зорына қалатын: әкемнің қызылсөзділігі және оның әрекеттері мәңгі-бақи бір-біріне сай болмайтын. Ылғи, қонақ бөлменің есігі айқара ашылғанда – намысын үш тамшы май мен балғаны қатты ұрып мәңгіге сақтап қалудың орнына, оның философиясы мен ұстанымы құрбан болатын» [3, 234]. Оның «Шенди-безрассудный» қалпының өзі қатал өмірге икемсіз аңқаулығын сүйкімсізден гөрі сүйікті ете түскен.

Қазақ әдебиетінде Майлин кейіпкерлері мен Ж. Молдағалиевтің Тұмырзасы т.б. сияқты «қожанасырлар» халық ауыз әдебиетінен нәр алғандығымен қатар, стиль үксастығы әлем әдебиетінен қалам қуатынан тарала алған деген шешімге әкелді. Әдебиетшілер Стерннің кейбір жайттарды жұмбақтау амалын (Дженни кім? Сүйген қалыңдығы ма, әлде өз қызы ма ажыратуға күш салғызатыны), Тристрамның баяндауларына мән беру, назар аударту тәсілін толықтай жаңашылдық деп қарайды. Әдебиетімізде Ж. Аймауытовтың Ақбілегінің баласының жеңгесінің «құрсағында өсіп жатуы» мен кейінгі кездесуде «көзін құртып» жоғалтқанға санап жүріп аяқ асты «осы менің балам емес пе?» деп өзіне жақындату тәсілі осыған үқсас.

Қазақ әңгімесінде 1960 жылдардан кейінгі уақыт пен замандастары тағдырын өзек еткен, шынайы нәзік иіріммен нәрленген мәңгілік мұра қалдырған жазушы Т. Жармағамбетов туралы: «...рухани мәдениетімізді байытқан суреткер – жазушының әдебиетіміз кеңістігінен айқындалар орны, өзіндік ерекшелігі әлі күнге дейін жаң-жақты, жете зерттеліп, ғылыми зерделене қоймағаны өкінішті-ақ» [2, 8], – деп пікір білдірген.

Қазақ әдебиетінде қазақ поэзиясында көп жырланған денсаулық мәселесі жазушының «Жан» әңгімесінде жаңғыртылған десек болады. Қазақ әңгімесінде спортшы бейнесінің алғаш көрінуі ерекшелігі және өлімді жеңген өмір жайлы лирикалық туынды ретінде танылды.

Т. Жармағамбетовтің Жан атты кейіпкері «дүние жұмбақтарының алтын кілтін тауып, планета есігін, кеңістік есігін иықпен итеріп ашқысы келді» [2, 98]. Бірақ олай болмады: «қырдағы қызыл қызғалдақтай гүлдеп, раушанша шешек атып тұр еді. ... бәрін не пайда? Қазір ауру. Қарын рагі. ...жаздың тамаша әсем күнінде қырда тұрған қызыл қызғалдақ пен әтір иісті раушанды қара дауыл суық бұршақ бір секундта таптап өтті. Қызғалдақ жоқ болды, раушан семді. Өмірге кеуден оқ тиді» [2, 98], – деген суреттеулер келісімді келген көркемдіктің жалғасы, әрі лирикалы прозаны байқатады.

Өзінің төрт айлық қана өмірі қалғанын жаңа ғана естіген жиырма бес жасар жігіттің көңіл-күйі былайша бейнеленген: «Жел жоқ. Түтіндер, тәтті түтіндер көкке өрлейді ... Маңай толған өмір. Қаз-қатар тізілген үйлер созылады. Күн қаранғыланып, терезелерден сәуле жылытырай бастады. Әр терезеде әр өмір. Әр есіктің ар жағында әр тағдыр ... Міне, бір үйдің есігінің алдында бала жылап тұр... Шешесі оған кейі түсіп, одан сайын ұрады. Бала қаттырақ жылайды. Бұрын мұндайды көргенде шыдап тұра алмайтын, ең болмаса, іштей назаланып болатын Жан мына құбылысқа селт еткен де жоқ. Енді оған бәрібір сияқты» [2, 100]. Тіршілік тәттілігі кейіпкердің өз өміріне ойша оралуынан көрінеді: «Көңет оның есіне барлық өткен өмірі орала кетті. Бұдан жиырма бес жыл бұрын туған екен. Ес білгелі он шақты жыл өтіпті. Содан бері, қарап тұрса, оған ештеңе кедергі келтірмеппі. Оған ешнәрсе қиын сияқты көрінбейтін. Бәрі де өз-өзінен толқып, еріп келіп тұратын. Тек аздап күш жұмсаған болғаны. Өмір дегенің өзі жақсы подшиппикке орнатылғын нәрсе дейтін ол бұрын» [2, 102].

Т. Жармағамбетовтің кейіпкер Жаны денсаулықтың қадірін сағыммен салыстырады: «Иә, өткен өмір. Сол бір шақтар неткен тәтті, неткен қызық еді. Бейне дүние көгілдір бір бояуға малынып алынғандай көркем де, өмір сүру көңілді де көрінетін» [2, 102].

Кейіпкердің басы шырғалаңға түскенде ішкі дүниесіндегі таным сыртқа шығады: «Од, асыллы, сөзге онша үйір болмайтын, сондықтан да ештеңе демейтін немесе иығын бір қайқан еткізіп, сәл күлімсірейтін де қоятын. «Екі аяқты этажерка» деп атайтын олар оның білімінің көптігіне таңғалып.

Тағы бір тамаша қасиеті – оған жат ешкім жоқ еді. Ол ешкімге қатты сөз айтпайтын. Кім болса, ол болсын, адамдардың бәрі де оған белгісіз бір құпия да тамаша, ізгі жандар болып көрінетін» [2, 104]. Жазушы кейіпкер мінездемесін көркемдей отырып жазушы өнеріне де тоқталады: «... соңғы кезде әдеби шығармаларды көп оқумен шұғылданып еді. Баяғыдан бері, ондаған ғасырлардан бері тек осы жансыз әріп күйінде сақталып келген неше дана сөздердің жылылығын сезді. Ой ойлауға, болашаққа көз жіберуге үйренді. Табиғатты түсінуге тырысты. Жазушылар, ақындар туралы көп оқыды. Оқығанда да, әншейін беттерді бірінің соңынан бірін сытырлата ашып, уақиғаның қызығына ғана түсіп кетіп оқыған жоқ, әрбір сырлы сөзді сылай, сипай оқыды. Әрбір сөйлемнің астында әрбір жазушының төгілген тері мен көз жасын көре оқыды» [2, 104].

Көркемдіктің бір қыры кейіпкердің білімге деген ұмтылысын бейнелеу тұсынан көрінеді: «Астарлы, образды сөздер оның көзін қағыс қала алмады. Әрбір астарлы сөзге қуана сүйініп, іштей таңғалып, қызыға қабылдап отырды. Классиктерді өте құмарланып оқыды. Олардың шығармаларын оқи отырып, бейне манайы жұпарға толып, самал жұтып отырғандай я лаулаған жалынның ортасында отырғандай сезінетін болды. Әрбір құпия әріптің астарын сөгіп қарап, әрбір сөздің қақпағын ашып көріп отырды» [2, 104].

Қазақ әңгімесіндегі «із» бұл жолы кейіпкердің толғанысына тереңірек сіңген: «Мынау бір тұрған тастың үстінде мәңгі әлденеше ондаған жылдар бұрын бөтен біреу де осылай демалып тұрған шығар-ау, осы таста, бөлкі, әлгі адамның жүз жылдық ізі де жатқан шығар, кім білсін. Бұл жерлерді талай іздер шарлаған шығар. Енді сол іздің иелері орнын балаларына, олар өздерінің балаларына тастап кеткен, шынында да, өмір деген бір ағын су деген дұрыс-ау» [2, 109]. Көз жанарын жасқа шылаудың бейнеленуі былайша жеткізілген: «... кесімін естігенде айқайлап та жіберген жоқ, көзіне жас та алған жоқ, бірақ көзінің жарқ етіп, екі бетінің ду ете қалғанына қарағанда, бір нажағай жүректі өртеп кеткенін айыру қиын емес еді. Ол қопарылыс барлық сай-сүйегін бытырлата қиратып, ет бауырын мындаған өткір алмастармен турап өтіп еді, тек аман қалған сыртқы түрі әлгі төгіліп кетейін деп тұрған миллиондаған ұсақ бөлшектерді ұстап тұрған қапшық сияқты болып қалған-ды» [2, 111].

Жазушы әңгімесінде ұлттық өрнек дәстүрі кейіпкер ойына келіп қонақтаған: «... өзінің өмір жолы аттың тұсауынан да қысқа екен. Тіпті ештеңе істей де алмапты» [2, 111].

Тіпті табиғат бейнесі де соншалықты сезімді, иірімді: «Құмдағы кішкене төбешіктер де оңтүстік жағындағы қар көрпесін көтере тастап, төсектен бір саны шығын жатқан арулардай жайбаракат қалғиды» [2, 117]. Жазушының суреттеуіндегі «әуенді» сипат та өзгешерек: «Мындаған, миллиондаған дыбыстар – гүлдердің шайқалуы, құстардың шикылы, жәндіктердің қыбыры, желдің ызыңы – жаз мелодиясын шертеді. Аспан да, жер де, ауа да осы бір

дыбыстарға – табиғаттын шипалы музыкасына елтіп, салтанатты да белгісіз дірілмен балбырайды...» [2, 117]. Міне, поэзия оқығандай әсерде қалдыратын лирикалық әсері мол әңгіменің кейіпкер қуанышымен бітетін шешімі де романтикалық. Қарын рагі ауруын жеңуі, сауығуы – өшпес, өлмес өнер күдіретін тірек еткен кейіпкердің ғана емес шығармашылықтың мәңгілігін паш еткен жазушының көркем қиялы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 По Э. Шөлмектен шыққан қолжазба (аударған Бекмырза Баймаханов). – Астана: Аударма, 2003. – 256 б.
- 2 Жармағамбетов Т. Отамалы. – Алматы: Раритет, 2002. – 212 б.
- 3 Зарубежная литература XVIII века: хрестоматия. В 2 т. Т 1 / Составители Б.И. Пуришев, Б.И. Колесников, Я.Н. Засурский. – М.: Высшая школа, 1988. – 416 с.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 11.05.12 ж. редакцияға түсті.

Б.А. ЫСКАК
КАЗАХСКИЙ ПИСАТЕЛЬ И МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА
B.A. YSKAK
KAZAKH WRITER AND WORLD LITERATURE

Резюме

В статье речь идет о казахском рассказе, в котором анализируются новые грани художественных исканий казахского писателя.

Resume

The article deals with the story of the Kazakh writer; in which the new facets of the art searches are analyzed.